

Қазақстан Республикасында этил спиртін және алкогольді өнім өндіруді, импорттауды және сатуды тәртіпке келтіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 14 ақпандағы N 217

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Әділет министрлігі бір ай мерзімде этил спирті мен алкогольді өнімді көтерме және бөлшек сатуды лицензиялауды енгізу көзделген "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Үкіметке енгізсін.

2

ЕСКЕРТУ. 2-тармағының күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.06.30. N 1037 қаулысымен. Р 9 7 1 0 3 7 _

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті алкогольді өнімді өндіруді лицензиялау тәртібі мен шарттарына этил спирті мен алкогольді өнімді өндіру көлемін міндетті мәлімдеуді қоссын.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

Р 9 9 0 0 3 1 _

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Мемлекеттік салық комитеті, Мемлекеттік кеден комитеті, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті 1997 жылдың 1 наурызына дейін алкогольді өнімді өндіру мен айналысына бақылау жасауды және осы саладағы құқық бұзушылықтардың жолын кесуді қамтамасыз ететін органдардың өзара іс-қимыл тәртібін әзірлесін және оны Үкіметке бекітуге енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Экономика министрлігінің келісімдері бойынша кеден төлемдері мен салықтарды акциз депозитіне енгізуді қамтамасыз ете отырып, спирт пен алкогольді өнімнің барлық түрін транзиттеуге рұқсат беру тәртібін жасасын және оны 1997 жылдың 1 наурызынан бастап енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Әділет министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі спирт және алкогольді өнімді өндірушілерді тарта отырып, бір ай мерзімде "Спирт және алкогольді өнімді өндіруді және оның айналысын

мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдаудың орындылығы туралы ұсыныс әзірлесін және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

7. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 1997 жылдың 1 сәуіріне дейін этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіру және оның айналысы тәртібін бұзғандығы үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті күшейтуді көздейтін Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлесін және оны белгіленген тәртіппен Үкіметке енгізсін.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп сәуір айында 1996 жылдың және 1997 жылдың 1 тоқсанының қорытындылары бойынша этил спирті мен алкогольді өнімді өндіруге және оның айналысына талдау жасасын және оның нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

9. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі